



Magzhan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың II шіңберінен шығады ● № 31 (778) 3 тамыз 2023 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

БИЫЛ АСТЫҚТЫҢ 1 ТОННАСЫ ҚАНША ТЕҢГЕ БОЛАДЫ

«Қазақстанның астық одағы» биылғы бидай бағасына болжам жасады.

«Астық одағы» ретінде ішкі нарықтағы астықтың 1 тоннасын қосылған құн салығы есептегенде 85-95 мың теңге болады деп күтіп отырмыз. Бұл өте маңызды», - деді «Қазақстанның астық одағы» сауда комитетінің басшысы Александр Малов БАҚ өкілдеріне арналған дөңгелек үстел барысында.

Оның атап өтуінше, бұл баға нарық қатысушыларының бәрінің көңілінен шықпауы мүмкін.

«Бұл баға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бәрін бірдей қанағаттандырмауы мүмкін. Өйткені, өзіндік құны мен өндіріс көлеміне қарау қажет. Бірақ, бұл үн мен нанның ішкі нарықтағы бағасын қалыптастыру тұрғысында Үкіметіміздің көңілінен шығатын болады. Сондықтан да жоғары баға күту өте қиын болар. Төмен де түспеуі тиіс. Өйткені, қазірдің өзінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өзіндік құны шегінде тұрмыз. Сол себепті өндірушілердің төңірегіне барынша шығарылып, олардың осы маусымда барынша жақсы баға белгілеуіне мүмкіндік беру қажет», - деді ол.

ЕЛІМІЗДЕГІ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ЖАҢА ТІЗІМІ БЕКІТІЛДІ



Үкімет 27 шілдедегі қаулыға сәйкес мерекелерінің тізбесін жаңа редакцияда бекітті.

- «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын, деп жазылған Үкімет қаулысында.

- Қосымшаға сәйкес жаңа тізімде 19 мереке бар:
1. Ауғанстан Демократиялық Республикасының Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан;
 2. Алғыс айту күні – 1 наурыз;
 3. Аналар күні – мамырдың екінші жексенбісі;
 4. Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр;
 5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күні – 4 маусым;
 6. Әкелер күні – маусымның үшінші жексенбісі;
 7. Ұлттық домбыра күні – шілденің бірінші жексенбісі;
 8. Абай күні – 10 тамыз;
 9. Спорт күні – тамыз айының үшінші жексенбісі;
 10. Семей ядролық сынақ полигонының жабылатын күні – 29 тамыз;
 11. Білім күні – 1 қыркүйек;
 12. Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі;
 13. Қазақстан халқы тілдері күні – 5 қыркүйек;
 14. Еңбек күні – қыркүйектің соңғы жексенбісі;
 15. Қарттар күні – 1 қазан;
 16. Нан күні – 16 қазан;
 17. Энергияны үнемдеу күні – 11 қараша;
 18. Ұлттық валюта – теңге күні – 15 қараша;
 19. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсан.
- Айта кетейік, бұл мерекелік тізімнен барлық кәсіби мерекелер алынды. Дегенмен мерекелік күндер Әкелер күнімен толықтырылды.

ҮКІМЕТТЕ АЗАМАТТАР МЕН БИЗНЕС ҮШІН ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕРДІ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысының Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі Жарлығы мен Сайлауалды бағдарламасын орындау аясында азаматтардың өмірін жеңілдетіп, бизнеске қолайлы жағдай жасауға бағытталған цифрлық сервистерді енгізу бойынша жұмыс жалғасып жатыр, деп хабарлайды Үкіметтің баспасөз қызметі.

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет Аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаевтың төрағалығымен осы жылғы 6 айдағы жаңа цифрлық бастамаларды іске асыру жөніндегі жұмыстың қорытындылары талқыланды.

Мәселен, Қорғаныс министрлігінің әскерге шақыру бойынша тіркеу науқанын проактивті форматқа ауыстыру жөніндегі жобасы іске асырылды. Бұл азаматтарды әскери комиссариаттарға бару, медициналық куәландырудан өту және жеке іс үшін құжат жинау қажеттілігінен босатады. Сондай-ақ шақыру уәкелеріне тіркелу туралы куәлік алу қажет болмайды. Деректер базасын интеграциялау ел аумағында тұрғылықты жерді өзгертуге байланысты әскери комиссариатқа жүгіну қажеттілігін босатады.

Қаржы министрлігі шекарадағы өткізу бекеттерінде электронды кезек жүйесін енгізді, «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында «жеке тұлғалар үшін кедендік декларациялау» қызметі іске қосылды.

Әділет министрлігі сенімхат рәсімдеуге және онлайн-форматта нотариус кеңесін алуға мүмкіндік беретін «E-нотариат» платформасын сәтті іске қосты.

Дипломның түпнұсқа екенін тексеру мақсатында Оқу-ағарту министрлігі техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім туралы дипломдарға QR-кодтар енгізді.

Кеңес қорытындысы бойынша Ғ. Қойшыбаев азаматтардың ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, кейбір онлайн-сервистерді әрі қарай пысықтау қажеттігін атап өтті. Оған қоса салалық министрліктер жыл соңына дейін бірқатар цифрлық сервис енгізетін болады.

Жұмыстың маңызын ескере отырып, Төтенше жағдайлар министрлігіне жедел ақпарат алу үшін апараттарды бақылау және болжау платформасын іске қосу тапсырылды.

Денсаулық сақтау министрлігі осы жылдың соңына дейін МӘМС процестерін цифрландыру, еңбекке жарамсыздық парағының қағаздағы нұсқасынан бас

тарту, 075/y формасындағы анықтаманы цифрлық форматқа көшіру, скринингтен өту қажеттігі туралы проактивті хабарлап отыру қызметін іске қосу, мекенжай өзгерген кезде медициналық мекемеге автоматты түрде тіркеу қызметін енгізу және т.б. бойынша пилоттық режимде жұмыс жүргізеді.

Әділет министрлігі атқарушылық іс жүргізу үшін мобильді қосымша әзірлеуді жоспарлап отыр. Әзірленген Қаржы министрлігі салық есебін қабылдау формасын жеңілдетіп, бұғатталған шоттарды онлайн ашу бойынша сервисі іске қоспақ.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек шарттарын онлайн режимде жасасу мүмкіндігін әзірлеп жатыр.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру үшін коммуналдық қызметтер көрсету бойынша бірыңғай стандарттарға көшу мәселесін пысықтауда.

«Мемлекет басшысы біздің тәсілдерді қолдады. Мұнымен тоқтап қалмай, ілгерілеу керек. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, проактивті форматтарға көшу – Үкімет жұмысының басымдықтарының бірі. Әрбір азамат цифрландырудың нақты өсерін сезінуге тиіс», деді Ғ. Қойшыбаев.

ОРМАН ӨРТ СӨНДІРУ СТАНСАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӨРТКЕ ҚАРСЫ КИІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ӨТІЛЕДІ

Құжатқа сәйкес, Үкімет резервінен табиғатты қорғау және орман мекемелерінің орман өрт сөндіру стансаларының қызметкерлеріне өртке қарсы киім сатып алуға 918 млн теңге көлемінде қаражат бөлінеді. Бұл 30 табиғатты қорғау және 16 орман мекемесінің қызметкерлерін механикалық жарақаттанудан,

ҚР Үкіметі орман өрт сөндіру стансаларының қызметкерлерін төтенше жағдайлар кезінде қосымша қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдап жатыр. Тісті қаулыға ҚР Премьер-министрі Ә. Смайлұлов қол қойды, деп хабарлайды Үкіметтің баспасөз қызметі.

гипотермияның, агрессивті сұйық құрамдардың, жоғары температураның әсерінен қорғауға, жұмысшылардың бастарын соққыдан сақтауға, сондай-

ақ басқа механикалық әсерлерден қосымша қорғау үшін өртке қарсы киіммен жабдықтауға мүмкіндік береді деп көзделіп отыр.

СҚО-ҒА КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕР САНЫ ҮШ ЕСЕ АРТҚАН

Солтүстік Қазақстан облысында туризм саласын дамытуға жыл басынан 5,56 млрд теңге инвестиция тартылды.

СҚО қоғамдық кеңесінде өңірдің туризм әлеуеті талқыға түсті. Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының туризмді дамыту және лицензия бөлімінің басшысы Қанат Шамсутдиновтың айтуынша, қазір Имантау-Шалқар курорттық аймағында 42 демалыс орны жұмыс істейді, оның 10-ы қонақтарды жыл бойы қабылдай алады. Демалыс саласын арттыру үшін жылда материалдық-техникалық базасы жаңартылып, көрсетілетін қызмет саны артып келеді.

«Шалқар келінінде суда құтқару постын салу үшін 18,7 млн теңгеге оның жобалық-сметалық құжаты әзірленді. Құрылыс келер жылы басталады. «Транстелеком» АҚ осы аймақта ұялы байланыс пен интернет сапасын арттыру үшін 6 антенна-мачта құрылысын орнатады. Қазір құжаты әзірленіп жатыр. Жалпы, жыл басынан СҚО-да туризм саласына 5,56 млрд теңге инвестиция тартылса, соның 1,2 млрд теңгесіне 7 жоба осы курорттық аймақта жүзеге асырылады», - дейді Қанат Шамсутдинов.

Маманның айтуынша, жоба ауқымды. Бұған дейін қолбайлау болған мәселе шешілді, енді инвесторлар іске кіріспек. «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас жоспары ұзақ уақыт

бекітілмей, біз де курорттық аймаққа инвесторларды тарта алмадық. Былтыр бас жоба қабылданды. Қазіргі уақытта кәсіпкерлер заманауи эко-отель, глэмпинг, автокараванингтердің құрылысын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр. Инвестиция – шамамен 4,5 млрд теңге», - дейді бөлім басшысы.

Жол мәселесі де біртіндеп шешіліп жатыр. Соңғы бес жылда мұнда 8 млрд теңгеге 250 км жол жөнделді.

«Былтырдан бастап туризм саласында мемлекеттік қолдау шаралары бар. Мәселен, туристік қызмет нысан-

дарын және жол бойындағы сервис объектілерін салу немесе реконструкциялау кезіндегі шығындардың 10%-ы, тұрақты бұстарды сатып алу құнының 25%-ы қайтарылады. Санитариялық-гигиеналық тораптарды ұстауға жұмсалған шығындардың бір бөлігі үшін кәсіпкерлерге ай сайын 83 300 теңге көлемінде өтейміз», - дейді Қанат Шамсутдинов.

Биылғы бірінші төқсанда өңірге 24,2 мың турист келген, оның 2,1 мыңы – шетелдік. Шекара асып келген демалушылардың саны үш есе өсіп отыр.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ - МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ



Отан отбасынан басталады. Тәуелсіз еліміз, ата-бабаларымыз, соның ішінде отбасы бір ерекше ғасырды ұстап отыр. Отбасы мемлекеттің ең негізгі тірегі. Отанның ұйытқысы, қоғамның бейік қорғаны. 28 шілде күні Булаев қаласының «Достық» демалыс салбағында «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңіне қатысқан ауданның үздік отбасыларына құрмет көрсетілді.

Айтулы шараға аудан әкімінің құттықтауын жеткізу үшін аудан әкімінің орынбасары Азамат Шеріпов келіп, жиналған қауымды және байқаудың жеңімпаздарын шын жүректен құттықтады.

Құрметті жерлестер, сіздерді аудан әкімі Қайрат Омаровтың атынан бүгінгі «Мерейлі отбасы» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Осы іс-шара 10 жылдан бері өткізіліп келеді және жыл сайын ауданымыздың отбасылары оған белсенді қатысады. Байқаудың басты мақсаты отбасылық құндылықты нығайтуға, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған. Алдағы уақытта бұл шарамыз жалғасын тауып, қатысуға негіз білдіретін отбасылар саны артатынына сенемін. Сіздерге және отбасыларыңызға тек қана мықты денсаулық, амандық-саулық тілеймін, - деді өзінен.

Іс-шараға арнайы қатысқан Солтүстік Қазақстан

облыстық аналар кеңесінің төрағасы Жұлдыз Саттарқызы қатысушылар мен қонақтарды құттықтап, байқаудың үздік отбасыларын құттықтап, дипломдар мен бағалы сыйлықтар, гүлдер және төтілер табыс етті.

Айта кету керек, шара барысында аталған отбасылар туралы бейнероликтер ұсынылып, жиналған көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мерекенің қызықты «Ханшайым» би ұжымы, аудандық Мәдениет үйінің әртістері атсалысып, өнерлерін ортаға салды. Іс-шара соңында қатысушылар үшін төттілерге толы дастархан жайылып, өсіресе, балғындардың қуанышында шек болған жоқ. Сол себепті, отбасын ұлықтау – мемлекеттің саясаты. Ендеше, бақытты отбасы – мемлекеттің тірегі болмақ.

Қанат ӨТЕМРАТОВ.

МАМАН КЕҢЕСІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!



"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ хабарлайды:

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ Заңына сәйкес, 17-баптың) Рұқсаттар және хабарламалар туралы". Рұқсат беру және хабарлама жасау тәртібі туралы жалпы ережелер

1. Қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) жекелеген түрлерін бастау

және кейіннен жүзеге асыру үшін жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда белгіленген тәртіппен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жарамды рұқсаты болуы немесе хабарлама жіберуі міндетті.

2. Жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсат алмай немесе тиісті хабарлама жібермей жүзеге асыруына жол берілмейді.

3. Рұқсатты жеке немесе заңды тұлғалар алуы және жарамды болуы тиіс, ал хабарламаны осы Заңға қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлға жіберуі тиіс.

"Санитариялық-эпидемиологиялық жоғары эпидемиологиялық маңызы бар объектінің сәйкестігі туралы қорытындылар санитариялық-эпидемиологиялық саладағы нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі - объектілерге мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Комитетімен және оның аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы көрсетіледі www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі - портал).

Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

ТЕРІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНЕ КІМДЕР ЖИІ ШАЛДЫҒАДЫ?

Тері қатерлі ісігі мен меланоманың өршуі кімдерде жиі байқалады? Сол сияқты сүйелдер мен папилломалардан ертерек құтылудың пайдасы қандай? Асқынған дерматит несімен қауіпті?

Өкінішке қарай, қатерлі ісіктің бұл түрі жылдам асқынып, қатты өршітінімен ерекшеленеді. Біріктірілген, яки көшенді емдеудің заманауи әдістері тиімді күресуге мүмкіндік бергенмен, ауру асқынбай қойылған диагностиканың көмегі орасан. Онколог дәрігерлер обырдың бұл түрі бастапқыда ісіктің пайда болуы немесе бұрыннан бар меңнің түсі, көлемі мен пішінінің өзгеруі сияқты белгілерін көріне бастайтынын айтады. Бірінші кезекте науқас меңнің мазалап, қышуы, ауырсынуы, дене қызуының көтерілуі сияқты белгілерге шағымдануы мүмкін. Бұған шақырайған күн астында шамадан тыс көп жүру, тұқым қуалайтын кеселдер, нашар экология, белгілі бір фотопиттегі сөпкілдер, ақшыл тері мен көздің ашық түсі, жыпырлаған меңдердің пайда болуы себепші.

«Қазақ онкология және радиология ФЗИ» АҚ онкодерматолог-дәрігері Дина Тілеуованың айтуынша, басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да тері обырына шалдығу көрсеткіші жоғары, өсіресе 55-84 жас аралығындағы әйел адамдар жиі ауыратын көрінеді.

Тері қатерлі ісігі – терінің эпидермисіндегі қалыптан тыс жасушалардың бақылаусыз өсуі және бөлінуі. Көз келген тері обырының басты

себепшісі – күн сәулесінің шамадан тыс өсер өтуі. Егер адам жас кезінде, яки бала күнінде кем дегенде күнге екі рет қатты күйіп қалса, егде тартқанда ол адамда тері қатерлі ісігінің даму қаупі 50 пайызға дейін артады», дейді маман.

Дәрігерлер УФ-күн сәулесінен сақтануды ескертеді. Терінің қатерлі ісігіне көбінесе әйелдер шалдығады екен, өйткені олар жиі күн сәулесіне қыздырынады.

«Егер туғаннан келе жатқан мең, қал өзгеріп, қанай бастаса, түсін өзгертсе немесе жаңа меңдер пайда болса, міндетті түрде онкодерматологпен кеңесу керек. Дертті өршілтеп диагностикалау пациенттің көбінесе өзіне байланысты, неғұрлым тезірек дәрігерге жүгінсе, соғұрлым шипасы тиімді болады», дейді ДСМ-ның штаттан тыс бас онкологі, «Қазақ онкология және радиология ФЗИ» АҚ басқарма төрағасы Дилара Қайдарова.

Ескеретін жайт, мамандар меңді сұлулық салондарында емес, мамандандырылған клиникаларда алғызған дұрыс екенін айтады. Меңді алғызғаннан кейін, қатерлі ісіктің бар-жоғын тексеру үшін гистологияға жіберту керек.

Гүлшахра САНСЫЗБАЙ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНДА «МЕКТЕПKE ЖОЛ» ЖЫЛ САЙЫНЫҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ БАСТАЛДЫ

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы жайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету, әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Ағымдағы жылы қайырымдылық акциясына ерекше көңіл бөлініп, «Жақсылық жаса» ұранымен өткізіледі.

Облыстың білім беру ұйымдарында оқушыларға мектепке дайындыққа көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Көмекке мұқтаж балалардың деректер базасы құрылды. Азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету үшін «жедел желілер», «сенім» телефондарының жұмысы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, қайырымдылық

көмек көрсетуге демеушілерді, әлеуметтік серіктестерді, мемлекеттік құрылымдарды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Республикалық акция күнтізбелік жыл бойы жалғасатынын айта кеткен жөн.

Балаларға мектепке дайындалуға көмек көрсеткісі келетіндер тұрғылықты жері бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы білім беру бөліміне немесе тікелей білім беру ұйымына мына телефон нөмірі арқылы хабарласа алады: 8-715-31-2-81-83.



ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 2023 жылғы I жартыжылдықта келесі жұмыстар атқарылды:

Электр энергетикасы саласында жоспардан тыс 6 тексеру жүргізілді, нәтижесінде электр энергетикасы саласындағы нормативтік – құқықтық актілерді бұзудың 63 тармағы бар 2 нұсқама берілді. Сондай – ақ, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің 462-бабы 1-бөлігі бойынша 1 әкімшілік іс қасалды.

Сондай-ақ, Департамент рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне 8 рұқсат беру бақылауын жүргізді. Ескертулер жоқ.

Электр энергетикасы саласындағы субъектіге (объектіге) Бармай-ақ, ескертусіз 55 профилактикалық бақылау жүргізілді.

Департамент энергетикалық объектілердегі техникалық пайдалану, апаттар, жарақаттану жай – күйінің есебіне талдау жүргізді және 2023 жылдың I жартыжылдықтағы электр станциялары мен электр желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтардың мониторингін мен есебін жүргізді. Мәселен, осы кезеңде облыстың энергетикалық кәсіпорындарында 956 технологиялық бұзушылық тіркелген, оның ішінде апаттар – 1, I дәрежелі өшу – 7 және II дәрежелі өшу – 948, оның ішінде станциялар бойынша – 43 («СВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЖЭО – 2) және желілер бойынша – 905 («СҚ ЭТК» – 1357).

Энергия кәсіпорындарында технологиялық бұзушылықтардың пайда болу себептері жабдықтардың

жоғары тозуы, электр оқшаулауының бұзылуы, механикалық бұзылу (зақымдану) және пайдаланудағы басқа да кемшіліктер, сондай – ақ табиғи құбылыстар мен бөгде адамдар мен ұйымдардың өсері болып табылады. технологиялық бұзушылықтардың туындауы туралы тереуге 11 комиссия құрамында Департамент өкілдері қатысты.

Сонымен қатар, технологиялық бұзушылықтар туралы хабарлама бойынша «СВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЖЭО-2 баруымен 6 профилактикалық бақылау жүргізілді. Сондай – ақ, «Солтүстік Қазақстан Электржелілік Тарату Компаниясы» АҚ «Смирнов» 220/35/10 кВ ҚС барумен 1 профилактикалық бақылау және нәтижесінде 8 бұзушылық пункті бар нұсқама берілді.

Есепті кезеңде газетке 54 мақала, әлеуметтік желілерде 103 мақала жарияланды және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің МТРК» ЖШС телеарнасында 12 шығарылым болды.

Есепті кезеңде Департаментке барлығы 18 өтініш түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан – 9 өтініш, заңды тұлғалардан – 8 және ұжымдық – 1 өтініш. Барлық өтініштер мерзімінде қаралды, қайта келіп түскен өтініштер мен шағымдар болған жоқ.

Электр энергетикасы саласындағы нормативтік – құқықтық актілерді жетілдіру бойынша 950 ұсыныс енгізілді. Барлық хаттамалық тапсырмалар басшылық көрсетілген мерзімде орындалды. Комитеттің «Doing Business» рейтингіндегі позицияларды жақсарту жөніндегі іс – шаралар жоспары толық көлемде орындалды. Департаменттің қызметкерлері қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің рейтингісіне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департамент 20 ішінше 7-орынды иеленді.

Николай БОРЗІМЛОВ, «ҚР ЭМ АЭБҚ СҚО бойынша АД» басшысы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЗАҢСЫЗ МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК ТУРАЛЫ

Миссионерлікті заңнамалық реттеу бірнеше себептерге байланысты маңызды. Біріншіден, бұл рұқсат етілген діни бірлестіктерге белгілі бір ережелерге сәйкес миссионерлік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Ресми мәртебе мұндай бірлестікке миссионерлік қызметті бақылаусыз жүргізуге құқық бермейтін ескеру қажет. Екіншіден, заң заңсыз миссионерлік қызметпен айналысатын ұйымдарды немесе азаматтарды анықтауға көмектеседі. Айтпақшы, олардың арасында деструктивті діни ағымдар мен ҚР аумағында тыйым салынған бірлестіктердің ізбасарлары болуы мүмкін. Олардың Қазақстан аумағында өз қызметін жүргізуді жол бермеу маңызды. Егер олардың кінісін сот органы дәлелденген жағдайда, мұндай ұйымдардың мүшелері қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Діни қызмет туралы заң миссионерлікті ҚР азаматтарының, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың белгілі бір дінге жүгіну мақсатында еліміздің аумағында дінді таратуға бағытталған қызметі ретінде анықтайды. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар туралы айту кездейсоқ емес: олар заң алдында Қазақстан азаматтары сияқты жауап береді. Біздің республикамыздағы әрбір адамның діни көзқарастары таратуға құқығы бар екенін, бірақ бұл ретте ол қолданыстағы заңнаманы бұзбаған жағдайда ғана білу қажет. Азаматтың іс-әрекеті қоғамның басқа мүшелерінің құқықтарын шектемеуі керек. Занда миссионерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынған орындар көрсетілген. Оларға Қарулы күштер мен басқа да әскери құрылымдардың объектілері, сондай-ақ сот

және құқық қорғау органдарының ғимараттары жатады. Сонымен қатар, бұл тізімге қоғамдық қауіпсіздікке қатысты қызметтері бар ғимараттар кіреді. Білім беру объектілерінде (рухани білім беру ұйымдарын қоспағанда) миссионерлікке тыйым салынады.

Миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін азамат міндетті тіркеуден өтуі тиіс. Бұл рәсімді өткізу жергілікті атқарушы органның құзыретіне жатады. Адамды миссионер ретінде тіркеу құжаттардың толық пакеті ұсынылған жағдайда өтініш берілген күннен бастап ең көп дегенде 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Егер дінтану сараптамасының қорытындысы теріс болса, жергілікті атқарушы орган азаматқа миссионерлік қызметті жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Бұдан басқа, егер миссионердің болжамды қызметі конституциялық жүйеге, қоғамдық тәртіпке қауіп төндірсе немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектесе, бас тарту берілуі мүмкін.

Миссионер не үшін жауапқа тартылуы мүмкін?

Әкімшілік кодекстің миссионерлік қызметті тіркеусіз жүргізгені үшін жазаны қарастырады. Сондай-ақ, миссионерлер қайта тіркеу процедурасы жыл сайын өтуі керек екенін есте ұстауы керек. Қайта тіркеу мерзімін бұзу әкімшілік кодекске сәйкес жазалауға да әкел соғады.

Осы құқық бұзушылық үшін Қазақстан азаматтары 100 АЕК мөлшерінде айыппұл ала алады. Шетелдік азаматтарға осындай бұзушылықтар үшін осындай сомаға айыппұл салынуы мүмкін, сонымен қатар олар ҚР аумағынан шығарылуы мүмкін. Әкімшілік кодексте дінтану сараптамасының оң қорытындысына әдебиеті немесе өзге де ақпараттық материалдарды пайдаланатын миссионерлер үшін 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл қарастырылған. Бұдан басқа, Қазақстанда тіркелмеген діни бірлестіктердің діндерін тарату да жазаланады.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ БЕРУШІ ҰЙЫМДАРДЫҢ 2023-2024 ЖЫЛДАРҒА КҮЗГІ-ҚЫСҚЫ КЕЗЕҢДЕГІ ЖҰМЫСҚА ӘЗІРЛІГІ ПАСПОРТЫН АЛУ ТӘРТІБІ

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық департаменті» ММ (бұдан әрі - Департамент) 15 тамыздан бастап энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдар (бұдан әрі - Көрсетілген қызметті алушы) ұсынған құжаттарды қарау және олар бойынша шешім қабылдау жөніндегі Комиссия жұмыс істейтінін хабарлайды.

Аталған Комиссия 19 қазанға дейін жұмыс істейді. Комиссия жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін отырысқа саяси партиялардың байқаушылары шақырылды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу Қағидаларының» (бұдан әрі - Қағидалар) талаптарына сәйкес әзірлік паспортын алу үшін көрсетілетін қызметті алушылардан құжаттарды қабылдау жыл сайын 15 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алғандағы кезеңде «электрондық үкімет» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік органға мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

- 1) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініші;
- 2) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісі;
- 3) энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу үшін шарттардың орындалғанын растайтын құжаттар тізбесі;
- 4) энергетикалық сараптаманы жүзеге асыратын сараптана ұйымының станциялардың, электр және жылу желілерінің негізгі және қосалқы жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының техникалық жай-күйі, сондай-ақ ұйымның алдағы күзгі-қысқы кезеңде тұтынушыларға жылу және электр энергиясын беруші қамтамасыз етуге дайындығы туралы қорытындысы.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 15 жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет www.egov.kz



«электрондық үкімет» веб-порталы және Е-лицензиялау www.elicense.kz арқылы жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылғы Департамент 2023-2024 жж. күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын мынадай энергия өндіруші ұйымдарға береді: «Қазушар» ШЖҚ РМК СҚО, «Зенченко және К» КС және «Иван Зенченко» ЖШС. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ және «РТЖ» ААҚ филиалы - ООТЖ Петропавл бөлімшесі» дайындық паспорттарын ҚР ЭМ Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті береді.

Сондай-ақ, Департамент облыстың энергия кәсіпорындарын 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 301-бабына сәйкес күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын алу мерзімі бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілік туралы ескертеді.

Николай БОРЗИЛОВ,
ҚР ЭМ АЭҚБҚ СҚО бойынша АД басшысы.

МӘМС ХАБАРЛАЙДЫ

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ҮШІН ТӨЛЕГЕН АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

Менің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударған жарналарым қайда, Қорға қанша ақша жиналды, емханаға бармасақ ақшаларымыз күйіп кете ме? Бұл сұрақтар әлеуметтік желіде жиі қойылады. МӘМС жүйесі 2020 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанына және оны енгізу туралы ақпарат үнемі жарияланып тұрғанына қарамастан, азаматтардың көпшілігі әлі күнге дейін жарналар мен аударымдар қайда кететінін аңғармайды. Бұл сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жауап берді.

МӘМС жүйесі медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, қаржыландыру тапшылығын төмендету қажеттілігіне байланысты енгізілген. Егер 2019 жылы денсаулық сақтау саласына 1,03 трлн теңге бөлінген болса, 2023 жылға қазіргі өзінде 2,5 трлн теңге қарастырылған. Бұл көрсеткіштің медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға мүмкіндік берді, соған сәйкес, азаматтардың көпшілігі барынша медициналық көмекке жүгіне алады.

МӘМС үшін ақша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түседі ме?

Көптеген адамдар МӘМС төлемдері Қорға түседі және ол қаражатқа өз қалауы бойынша жұмсайды деп қателеседі. Жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкідегі арнайы шотқа түседі (яғни, тікелей Қорға емес), олар басқа мақсаттарға жұмсалынбайды.

Жарналар қайда кетеді?

Ұлттық банктегі арнайы шоттан бұл қаражат медициналық ұйымдарға - Қордың жеткізушілеріне - міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілген медициналық қызметтерге төлем ретінде жіберіледі. Яғни, сақтандырылған азаматтар МӘМС тізбесіне енгізілген барлық қажетті медициналық көмекті денсаулық қорсеткіштері бойынша тегін алады, олар үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлейді.

Мысалы, 2022 жылы МӘМС шеңберінде көрсетілген медициналық көмекке шамамен 836 млрд теңге жұмсалды.

МӘМС-ға қанша қаражат түседі?

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде 590,8 млрд теңге көлемінде жарналар мен аударымдар түсті. Оның ішінде жұмыс берушілердің аударымдары - 37,7%, халықтың жеңілдікті санаттары үшін мемлекеттің жарналары - 33,2%, қызметкерлерден түскен жарналар 24%-ды құрады, басқа төлеушілер (жеке кәсіпкерлер, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтіндер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, дербес төлеушілер) - 5,1%.

Бұл қаражат МӘМС жүйесінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін төлем ретінде алу үшін жіберіледі.

Егер мен медициналық көмекке жүгінбесем, жарналарымды шешіп ала аламын ба?

МАМАН КЕҢЕСІ

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

2025 жылға дейінгі «Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту туралы» Ұлттық жоспар аясында «Кедергісіз келешек» жобасы және «Атапай» партиясының жол картасы жан-жақты жүзеге асырылып келеді.

Өңірде 5 жыл ішінде мүгедек адамдардың заңды құқықтарын қамтамасыз ету бағытында 1294 нысанды қолайлы ету көзделген. 2021-2023 жылдар аралығында жоспарланған 776 объектінің 418-е бейімдеу іс-шаралары жүргізілді. Оның ішінде 308 ғимарат ерекше қажеттіліктері бар санаттағыларды қамтиды. Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті аумақтық департаменті жүргізген «бақылаудан кейінгі» тексерулер барысында аталған нысандардың толық бейімделгені расталды.

Мүгедектер бар адамдардың барлық санаттары үшін қолжетімді объектілер байл жетеледі: мемлекеттік мекеме - 66, денсаулық сақтау объектілері - 29, білім беру нысандары - 112, әлеуметтік инфрақұрылымның өзге де объектілері - 101.

110 объект ішінара бейімделген деп танылып, 725 ереже бұзушылық анықталды. Бұл келенсіздік есту, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған жандардың, кресло-ар-

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес, баршаға ортақ жүйе. Қазақстандық модель пациентке денсаулық жағдайы бойынша талап етілетін емінің көлемі мен құнын шектемеу үшін әлеуметтік бағдарланған түрде құрылды.

Мысалда қарастырайық. Бір жыл ішінде мүмкін болатын ең жоғары жарнамен 1 адам тең 168 мың теңге (айна 14 000 теңгеден) жинайды. Бұл қаражат дербес шотта жиналып, пациент оларды өз қалауы бойынша емделу үшін пайдалана алады деп есептейік. Бірақ бұл сомаға ол шектеулі мөлшерде ғана ем ала алады.

Тек стандартты сынақтар жиынтығы, гормондарды, инфекциялардың болуын тексеру үшін бірнеше ондаған мың қажет. Егер ультратырабыстық, кардиограмма, КТ/МРТ және басқа аспаптық диагностика қажет болса ше? Яғни бір жыл ішінде жинақталған жарналар диагноз қою үшін толық тексеруден өтуге де жеткілісіз болуы мүмкін. Сонымен қатар күндізгі стационарға бару немесе тәулік бойы ауруханаға жату қажет болуы мүмкін.

Егер ота жасалатын болса, олардың құны бірнеше миллион теңгеге жетуі мүмкін, онда пациент жай ғана медициналық көмексіз қалады. Жиналған қаражат емделуіне кететін шығынды жабуға жетпейді. Сондықтан бұл тәсіл пациенттің өзіне тиімсіз.

Сондықтан, МӘМС жүйесінің отандық моделінде барлық қаражат Ұлттық банктегі бірінші арнайы шотқа түседі. Ал сол жерден қаражат төлеушінің санатына және төлеген жарналардың мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған азаматтарға МӘМС бойынша көрсетілген медициналық көмек үшін төленеді.

Егер сізде қосымша сұрақтар немесе медициналық көмекке қатысты мәселелер туындаған жағдайда, сіз өзіңіздің клиникаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Егер жағдайы жергілікті жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы келесі байланыс арналары бойынша өтініш жіберу аласыз:

- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyrYBot
- 1414 байланыс орталығы.

Сондай-ақ, Қор медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебенің тексеріп, төлемдер туралы ақпаратты egov.kz электрондық үкіметтің сайтында «Денсаулық сақтау» бөліміндегі «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» қызметі арқылы алуға болатындығын еске салды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

Руслан ЖҰМАБАЕВ,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыстық департаментінің бас маманы.

МАҒЖАННЫҢ ЖҰМБАК



Бастауыш сыныпта – ана тілін, орта буында – әдебиетті оқыдық. Бала күнімен Мағжанды сүйіп оқушы едім. Шығармаларын ерекше қызығып оқыдым, патриоттық рухқа толы өлеңдерінен нәр алдым. Соңғы кездері мені бір сұрақ мазалап жүр. Барлық оқулықтарда Мағжанның өмірбаяны қысқа жазылған, тиісінше бір ғана сөйлеммен аяқталатын. Әлі де солай. Онда: Мағжан Жұмабаев 1938 жылы наурыз айының 19-ы күні қайтыс болған делінеді. Мәселе әдебиет кітаптары яки Мағжан туралы тараудың қалай аяқталуында да емес, мәселе мынада болып отыр. Кейінгі кезде «Репрессияда Мағжан, Сәкен, Міржақыптар тірі қалған» деген сөздер ауыздан-ауызға айтылып та, жазба беттерінде жарыса жазылып та жүр. Жел тұрмаса – шетпің басы қимылдамаса анық. Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатовтар туралы сөз кейінірек. Қазір маржан қырдың есті Мағжан туралы нәзік оның жұмбақ өлімі жайлы оқыған, естігендерімді ортаға салмақпын.

Иә, репрессия кезінде Алаш жұрты «Алаштықтар» деп аталып, айдар таққан Мағжан Жұмабаев, Мәскеудің Әдебиет институтында білім алған зерделі ақынға саясаттың салқыны сөзілмеді емес, сөзілді. Сол кездегі салқын саясатқа Мағжан өз пікірін айтып, ұстанымынан танбағаны үшін де большевиктер қолынан келгендерін аяп қалған жоқ. Бір емес бірнеше рет түрмеге жапты, азаптап, қинап, соққыға да жұқты. 1918 жылы алты айға қамалғаны азай, 1929 жылы 10 жылға тағы да соттады. Оның жеті жылын Соловецк қондалагерінде өтеді. Сосын Максим Горькийдің араласымын 1936 жылы бостандық алады. Бірақ бір жылдан соң-ақ, 1937 жылдың 30 желтоқсанында «Жапон тыңшысы» деген жааламн қайта тұтқындалып, екі ауыр жазаға кесілгені тарихтан белгілі. Олай болса, жоғарыдағы сөздер қайдан шықты?

Сонымен алдында екі сұрақ тұр. Біріншісі, «Мағжан Жұмабаев 1938 жылы атылмаған» деген сөз қайдан шықты? Екіншісі, Мағжан Жұмабаев 1938-де атылмағанына кімдер күйе, қандай дәлел бар?

Сонымен бірінші сұрақ: «Мағжан Жұмабаев 1938 жылы атылмаған» деген сөз қайдан шықты? Ең әуелі болып «Мен Мағжанды көрдім» деп тарихты бір төңкеріп тастаған Бауыржан МӨМЫШҰҒЫ болды.

Бауыржан МӨМЫШҰҒЫ: «Мен Мағжанды көрдім...»

1948 жылы мен Сібірдегі 59-бригада командирінің орынбасары болып тағайындалдым. Кезекті әскери қатыналар өткізіп жүрген кезімде үш орманның арасында отқа жылынып отырған бір топ адамды көріп, маңына жақындадым. Кіген кімдерді біртүрлі, әсілі сотталғандар болу керек. Олардан өзгешеуле, басында түлкі тымғағы бар бір адам 10-15 метрдей жерде өз алдына жылынып отыр екен. Тегінде қазақ сияқты. Мен соған жақындап келіп, қазақша «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем бердім. Ол менің сәлемімді ерніп жыбырлатып қана қабылдап, түрме одыраға қарады да үндемей отыра берді. «Бұл не қылған адам?» деп өз ойымды жинап алғанша, ол теріс қарап отырған күйінде:

- Маған жақындама, бөлем жұғып кетеді, - деді. Сол кезде барып менің есіме Мағжан түсіп, оның өлеңдерін жатқа айта бастадым. Ол сөз жібіп:

- Менің жағдайым қиын ғой, маған жақындамағаның дұрыс болады. Шамаң келсе, мені өлең жеткіз, - деді. Мен оның қазақтың ақиық ақыны Мағжан екенін біліп, шамам келсе көмектескім келді де:

- Мен он шақты күннің көлемінде қайта ораламын. Сол кезде дайын болып тұрыңыз, - дедім. Он шақты күннен кейін уақытым болмай, қайтып келе алмадым. Бір айдан кейін келсем, түрменің бастығы маған оның сал айдап жүріп суға кетіп қайтыс болғандығын айтты.

(Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 98-бет. Алматы, «Өнер» баспасы, 2008 ж.) Сөзімді дәлелді болсын. Мен Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің 2-курс студенті ғана болатымын. Кезек әдебиет сабағы болатын. Пән мұғалімі – Кенжеахметова Зәмзәгүл Сейітқызы. Таныдыңыз ба? Бұл кісіні танымасаңыз мына кісіні танырсыз? Сейіт Кенжеахметұлы айтатын. Сейіт Кенжеахметұлы мен Зәмзәгүл апайды не үшін сабақтастыра, байланыстырып отыр деп ойлап отырған боларсыз. Онда айтайын. Зәмзәгүл апай Сейіт Кенжеахметұлының қызы. Бауыржан атамды көзімен көрген апайымыз бірі нәзік бірегейі осы кісі.

Зәмзәгүл Сейітқызы: «БАУЫРЖАН АТАМЫЗДЫҢ МАҒЖАНДЫ КӨРГЕНІ РАС»

Зәмзәгүл апайдың сабағы еді. Көп күтпедік, келді. Келгеннен-ақ, «Мағжан...» дегенін деп сөз бастады. Сейіт Кенжеахметұлымен, яғни өкеммен Алматыға,

жазушылардың бір жиналысына бардым. Ол кезде әлі бала едім. Бір кезде екі кісі екі қолынан демеу бір кісіні алып келіп, орындығына отырғызып жатыр. Алып денелі, ірі кісі екен. Бала болсам да, Бауыржан атам екенін бірден білдім. Бауыржан Момышұлының Мағжанды көргені рас. Бауыржан атам Мағжанды алып кетуші еді, бірақ Бауыржан ата әскери кімде болғасын, Мағжан одан қорқып қашып кеткен. Неге десендер, Мағжан ол кезде НКВД-дан көп зорлық-зомбылық көрген болатын. Зәмзәгүл Сейітқызы, соншалықты қорлауына «Тыңшы» деп танылғасын ба, әлде басқа да себептері бар ма? - Ол кезде «Үштік» атты Одақ болатын. Кімде кім бөлсеңдікіп таныта бастаса болды, «Үштік» Одақ соларды апарып қамайтын. «Үштік» Одақ ойына келгенін істей алатын. Білік соларды болды емес пе?.. Кешеге келе жатқан кез-келген кісіге «Сен куәгерсің, мында қолыңды қой» деп қол қойдырып, сол қолдың күшімен «жемтіктерің» «Сен, Совет үкіметіне қарсы шықтың» деп апарып қамал, азаптап, соңында атқан. Ал, Мағжанның айыбы – өлеңі. Оларға өлеңдері үшін де айып тақты. Мағжан басқа «Алашордалықтарға» қарағанда өте бір сондай маржан тісті ақын болатын. Мағжанды қинағанда да тісін жұлып қинайтын. Сондықтан да болар, тамақ іше алмай, ашытқан қайтты. Зәмзәгүл Сейітқызы, сонда қазақ зиялыларының «сатқындығына» куәгерлік өткен кім? - ...танымайсың ғой. Бір өтірікші болған. Торғайлық, Өтірікші болғанда да сұайт еді. Әрі араққа жақындау еді. Аты Айсә. НКВД-ның адамдары Айсәны ұстап әкеліп, «жемтіктерің» куәгер ретінде қолын қойдырып алып жібере салатын. Солай қаншама адамды ұрып-соқты, қаншамасын жазықсыз қамалды, қаншамасын атып та тастады. (Төмен қарай қарап, мұңайған қалпында «Жер хабар бермесің» деп, бір күрсініп алды) «Мағжан 1938 жылы атылды» деген пікірге мықтап бекінген болсаңыз, тағы бір дәлел келтірейін. Дәлел емес, куәгер. Жоқ, сіз ойлағандай емес, көзі тірі. Жасы тоқсанды алқымдаған Абдулла Әбдрахманов ақсақал.

Абдулла Әбдрахманов: 1951 жылға дейін мен Мағжанмен Қолымадағы Бөлек лагерінде бірге болдым. Абдулла Әбдрахманов 1921 жылы Атырау облысының Жылжы ауданына қарасты Ақиқатолды ауылында дүниеге келген. Ол кезде бұл жер Амангелді ауыл советі деп аталған. Әкесі Әбдрахман Айтұрыс осы маңдағы 1800 жылдары салынған белгілі Дүйсеке ата мешітінде білім алған, қазіргі тілмен айтқан дипломаты діни маман болған. - 1938 жылы алдымен өкмеді ұстады. «Халық жауы» деп бір түнде ұсталған 27 адаммен бірге Гурьевтегі НКВД абақтысында 9 ай тәрғеу-тексеруден өткізген соң маған беймәлім себеппен босатты. Алайда кейін колхоздың аттесігін бағып күнеліп жүрген өкмеді соғыс басталған тұста 1941 жылы қайта ұстап өкметі. Кейін НКВД түрмесінде Шымкентте өлгенін білдім. Бейбіт заман туған соң Шымкенттегі саяси құрбандар жерленген орынына барып дұға қылып, осы жерде өлем жатыр деп, сол қорымға белгі қойып кеттім, - дейді ол.

НКВД ОНЫ «ЖАПОН ТЫҢШЫСЫ» ДЕП ТАНЫДЫ

Соғыс жылдары Абдулла Ақсақал Қосшағыл кенішінде оператор болып жұмыс істеген еді. «Бәрі – майдан үшін, бәрі – жеңіс үшін!» деген ұранмен бел шешпей еңбек еткен 22 жастағы жас жігіт ештеңеден аянып қалмаған-ды. Соғыс аяқталған соң да сол кәсібін танбаған. Сөйтсе, репрессияның қанды шеңбері елі тынымалы, тартар азабы да әлі олада екен. 1948 жылғы маусымның 6-сы күні түнде НКВД жөндөреттері оны да алып кетеді. - Бір ай абақтыда ұстаған соң, аттаппен айдалып кете бардым. Сот маған «өкесі – халық жауы, өзі – Жапонияның агенті, Иранның десанты» деген кіне тақты. Ал мен бар болғаны 3 кластық білім бар, Жапония мен Иран тұрмақ, Гурьевтен аттап шықпаған адаммын. Оны кімге дәлел қылып айтасың? - дейді Абдулла Әбдрахманов. - Жөндөреттер мойндамасыңа қоймайды. Тырнағыңның астына ине тығып, қайта-қайта ұрып-соғады. Күні бойы жауаптан абден әлсіреп, есің танып құлайсың. Үстіңе шелекпен мұздай су құяды, сілкініп қайта түрегелесің. Буы енді қайтып көрсетпесің. Бұл туралы тіпті айтуға тыйым салынған, «жазаңды бізде өтетіңіз туралы ешкіме айтпайсың» деп қол қойдырып алады. Осылайша «жапондық тыңшы» жазасын өтеу үшін Магадан облысының Суусаманск ауданына аттанады. Абдулла Әбдрахмановты ер тартқытып айтпағанымен, әңгімесінен ол сол кезде СССР-дегі ең ауқымды саналатын Магадан облысындағы Дальстрой – жол және өндірістік құрылыс тресі жүйесіндегі Заплаг-та болғаны ау деп шамаладым. Заплаг 01.04.32ж. ашылғаннан бері бірнеше мәрте қайта ұйымдастырылған СевВостЛгг құрамында болған. - Бұл азаққа ешкім де тәзбейді, бірнеше күннен соң, берген қағаздарына қол қойдым. Бір айдан соң Абдулла Әбдрахмановты Гурьев облыстық соты СССР ҚК 58-бабының 10,14-тармақтарымен түзеу-еңбек лагеріне 10 жылға айдауға жіберіледі. Осылайша «жапондық тыңшы» жазасын өтеуге Магаданға аттанады. - Мені Суусаманск маңындағы алтын өндіретін кеніште қара жұмысқа салды. Ол жерде 9 ай қыс, 3 ай жаз болатын еді. Сондықтан қыс бойына жерді қазып топырақты үйе беретін едік те, жаз шығып, жер жібігенде күмінен араласа шыққан алтынды сүзгіден өткізетінбіз. Арасында 6 ай Чукоткада да жұмыста болдық, кері оралдық, - деп еске алады дейді ақсақалмен тілдескен Сания ТОЙКЕН.

АБДУЛЛА АҚСАҚАЛ МАҒЖАННЫҢ ҚАБІРІН ІЗДЕП

МАҒАДАНҒА ДА БАРДЫ

Осы күнге дейін «Мағжан ақын 1938 жылы атылды» делініп келгенімен, онымен соғыстан кейінгі Қолыма лагерлерінде бірге болған Абдулла Әбдрахманов ақынның ашық пен аурадан 1951 жылы қалай көзжұмығын көргенін айтқан. Осы материалдан соң Мағжан Жұмабаевтың қабірін іздеуге арналған экспедиция Ресейдің Магадан облысына барып қайтты. Делегацияның «Жас Алаш» газетінің бас редакторы Рысбек СӨРСЕНБАЙ басқарды. Оның құрамында «АЖ» тілшісі мен құлсарлық Абдулла Әбдрахмановтан басқа да Мағжан ақынның туыстары Райхан ЖҰМАБАЕВА және Шайзада БЕКШЕВАЛАП болды.

Магаданда болғанда Абдулла ақсақал әңгімесін қайта өрбітті:

- Көз алдымнан бәрі кино құсап аулап өтті. Осы жерде алтын қаздық, оны мына өзінде жудық. Үш ай жазда алтынды сүзіп үлгеруің көрек. Қыста суық 60 градусқа

дейін барады. Бет қаратпайтын аяз басталады, - дейді Абдулла ата. Атаның көрсетуімен ақын тұрған барактардың ескі жұртына бет алдық. Ол қиы-жиқы салынған жер үйлердің арасымен жүріп кетті. - Осы тұс, мына жерде қатар қатар біздің барактар тұрды. Ал қасымыздағы еңесі биік баракта Мағжан Жұмабаев тұрды. Мынау аула болған, ара-арасында тіпті қашып тіл қатыстыныбыз, - деді ата көзі жасқа тола. - Көзі жұмылғандардың бәрін апарып, осы маңға көме салатын. Оның ешқайсысын бөліп, арұлап жерлемейді. Тек ішіндегі атақты зектарға ғана басына белгі орнататын. Онда да қада қағылып, есімі ғана жазылатын. Дұрыстап қараңдаршы, «1951 жыл. Сергей не Алексей» деген жазуды көрсеткендер болғаны. Мағжанды сол тұсқа көмген, - деген Абдулла ата бізді арқа тастап зираттарды аралап кетті. (Осы қорымның бір бұрышында ұлы ақынның мүрдесі жатыр-ау...) - Мағжан Жұмабаевтың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері қандай еді? - Мағжан көрбес жүретін (ата оның жүрісін салып келтірді). Сөйлегенде адамға тіке қарамай, мойнын бір жағына бұрып, қырындау отыратын. Даусы жұмсақ, биязы еді. - Мағжан айтқан әңгімелерден есіңізде не қалды? - «Алаш» партиясының мүшесі болғанын, оның басшылары мен қолдаушыларының түгел дерліктей қуғындалып, қамалғанын айтқаны ойымда қалыпты. Жұмабай Шаяхметов – Сталиннің оң қолы болмақ, Сәбит Мұқанов – Голощекиннің сол қолы болмақ, Асқар Тоқмағамбетов – Мейкевский (Маяковский дегені – С.Т.) болмақ көрінді дейтін. Сәбит Мұқановты түрін бір көрсем деуші еді. Неге олай дейтінің іштей ұғыныңыз. - Одан басқа не әңгімесі есіңізде сақталды? - Сәбиттен зәбір көрген ау шамасы. Қазақ зиялыларына жасалған қиянаттардың шет жағасын шығаратын. Қасындағылардың жау болып шыққанын айтатын еді. Бірінші рет Сібір жақта отырып келген екен. Елде жүргенінде Сәбит Мұқанов жәрдем етіп, жұмысқа алдырыпты. Кейін «бұл шірген жұмыртқа тағы шіріп жатыр» деп хабарлапты. Соны айтатын. Ол (С.Мұқанов - С.Т.) мәдениет, өнер саласындағы барлығын соттатты, тек жалғыз кісіні алып қалды деді. Онысы ридексияда бастық болыпты, Түркістаннан жақтың тумасы болған.

- Мағжан Жұмабаевтың қайтыс болғанын қалай білдіңіз? - Ертенгісін жұмысқа апарарда салта тұрғанбыз. Оның қайтыс болғанын естідік. Өліктерді жерлейтін арнайы адамдар болады. Солардың өкілеті бара жатқанын көрдім. Қасына барып қостасуға, жерлесуге күзетші әскер жібермеді. Іштей қамығып, көзге жас алдым.

- Мағжанның өліміне не себеп болды? - Ол азапты көп көргендіктен денсаулығы нашар еді. Жұмысқа шықпай, ауырып жатқандарға 400гр. нән ғана беретін. Біз оған артылған нанымызды, шайымызды апарып беретінбіз. Шаңға қайнатып ішетін. Өлер алдында ісініп, көуініп, төрт тағандап жүре алмай қалды. Тістеріңің бәрі босап, иектерің ас жегізбейді. Цингаман ауырды. Өмірден солай өтті.

- Мағжанның қандай өлеңдер жазғанын білесің бе? - Мен өзім сауатсыз адаммын. Оның үлкен ақын екендігін кейін білдім ғой. Аурудан арылмасым білді ме, ауылға жете алмасым ойлады ма, бір күні бір сырты қалпаңған, су өтпесін деп жазу жазылған, қолдан жасалған блокнотын берді. Көбін жөдітпесе және кейінгі өріпнен жазған екен, мен оқи алмадым. Оны «Алматылымын деген қазаққа бөресің» деп аманаттаған еді. Елге жетерде поезде ұйықтап қалып ұрлатып алдым. Бұған әлі күнге дейін өкінем (ата өкінішті үнмен өзін жазғыра сөйледі, күйінді) Жоғарыда бейтаныс есімдерді байқаған боларсыз? Қайсы десеніз есіңізге түсірейін («Мағжан ақынның туыстары...» деп келетін жері бар емес пе? Сол тұста Райхан ЖҰМАБАЕВА деген есімді байқаған боларсыз? Кім десеніз айтатын, Райхан алайымыз, Мағжан Жұмабаевтың немере қарындасы. Інісі Қалижанның қызы. «Жас Алаш» газетінің бас редакторы Рысбек СӨРСЕНБАЙ бастаған делегациямен бірге Мағжан атасының қабірін іздеп Қолымаға жолға шықты.

Күтпеген хабар Қолымаға жол тарттырды – Мен Мағжанның туған інісі Қалижанның қызымын, атым Райхан, - деп бастады әңгімесін сексенге келіп қалса да, ажарын бермеген апамыз. - Өттен, дүние-ай, ақын ағаның өзінен тікелей ұрпақ қалған жоқ, бірақ туыс-тума, жалпы Жұмабаевтар әулетінен Мағжан ағаның бар-жоғын түгендеп жүрген Қызылжарда, яғни туған жерінде Тасболат деген інісінің ұлы екеуіміз ғана. Менің жасым болса – мынау, 77-демің, көрілік күн санап өз дегенін жасатып, ауру-сырқау дегендер шыға береді екен ғой. Былтыр тамыз айында қатты ауырып, жансақтау бөлімінде жатқаным. Сәп бетім бері қараған шақта маған Саят Жансұрып хабарласты. Білесіздер ғой, Листартай ағамыздың ұлы. Екеуіміз жақын дос, сырласпыз. Хабарласты да, халімінің біршама жақсы екенін сөзімнен, даусымнан білген соң: «31 мамырдағы «Жас Алашты» оқыдың ба?» деп сұрады. Ауырып жатып оқи алмай қалып едім, өйтпесе құндылықтас баспасөзді қадағалап отырамыз ғой. Ауруханадан шыққан бойда әлгі газетті тауып, оқыдым. Сөйтсем, онда Атыраудың Құлсарысында тұратын Абдулла Әбдрахманов атты 92 жастағы қарт кісі кезінде өзінің Магаданда, Қолыма лагерінде Мағжан ағаммен бірге отырғанын айтты. Әлігі оқығанда төбемнен біреу мұздай су құйып жібергендей сілейіп отырыппын да қалыппын. Мәссаған, 1938 жылы атылып кетті деп жүрген ағамыз бертінге, 1951 жылға дейін тірі болыпты. Өз көзімен көрген адам міне тұр. «Егер туыстары болса, тіпті сол Мағжан жерленген жерді апарып көрсетіп, көрген-білгендерімді айтар едім, ақын аманаты әлі күнге мойнында тұр, күні ертең ары дүниелік болып кетсем, ол аманат мойнымда кетеді, екіншіде, қиянат жасаған болып табылам, - деген қария сөзінен соң өшкенім жаңып, өлгенім тірленгенді егіліп жылап алдым.

Ол кісіге сол сәттен бастап ризамын, жасына қарамай, бізді сонау жер түбіндегі Магаданға бастап аларғанына да тіпті тәнті болдым. Тіпті 92 жастағы ол кісі түгіл, 77-дегі менің өзімнің сондай ұзақ жолға шығам дегеніме балалары «бес минуты көм 80-десіз, ауруханадан шыққаныңыз да кеше» деп қарсы болды. Сонда да бой бермей «Мен бәрібір барамын, осыдан Мағжан ағам үшін жолда өліп кетсем, арманым жоқ» дедім. Расында, жол алыс та ауыр екен, қазақ текке «итжеккен» атамаған ғой. Мәскеуге дейін ұшақпен төрт сағат, ары қарай Магаданға дейін 12 сағат ұшытық.

ӨЛІМІ

Магаданның губернаторы қайта құдайына қараған азамат екен, әрі қарай Қолымадағы лагерге дейін тағы 650 шақырым кедір-бұдыр жолға төтеп беретін көлік пен қасымызға жол бастаушы адам қосып берді. Өйтеуір, өуірімдеп ит арқасы қияндағы Сусуман ауданына да жеттік қой. Ауылдың аты да қазақшаға ұқсайды екен өзі, Бөрелех деп аталады. Өбекен, Абдолла ағамыз, өзі отырған лагерді көргенде жылап жіберді. Бір көздері көрген азабы, тозағы есіне түскен шығар. Мағжан ағамен сол жерде отырғанын, қалай көргенін айтып берді. «Қай қиырда жүрсе де, адам өз қанын іздейді екен ғой, лагерден өзін секілді қазақты кездестіргенде ауылымды көргендей елжіреп, көзіме жас келгенін, сол сәттегі сөзімді тілмен жеткізе алмаймын. Ал Мағжан ағаның бойынан ақсүйектігі білініп тұратын яғни қандай азап көріп, қандай жаман жерде жүрсе де, тектілігі білініп тұратын. Қайта-қайта «Сөбиттің көзіне бір қарар ма еді, шіркін» деп айтатын», – дейді редакцияға берген сұхбатында.

– Сонда Мағжан ағамыз лагерде қашаннан бастап отырған? – деген редакция сұрағына: – «Атылды» деп шығарған 1938 жылдан 1951 жылға дейін сол азап лагерінде жүргенге ұқсайды. Бұл деректің шындығын растайтын бір адам да бар, ол – өтірік айтуы екіталай қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы. 1948 жылы соғыс біткен соң да әскери тапсырмалармен жүріп сол Магадан жеріне жолы түссе керек. Сонда қосындағы азап лагерінде қазақтың бір ақыны айдауда жүр» деген өңгімені естіп, әуелі естіген өлгі деректің растығына көз жеткізу үшін, екіншіден, оның кім екенін анықтау үшін барыпты. Сол жерде Мағжан ақынды көріп, таңғалып өрі оның аянышты халіне жаны ашып, намысы келіп, елге барысымен шығарып алуға кіріспек болады. Бірақ оны сөзіп қойған сол кездегі басшылық Бауқенді шұғыл әскери бұйрықпен басқа жерге жібереді де, сол бойына екеуі кездесе алмай қалады. Өбекеннің айтуы бойынша, Мағжан лагерде 1951 жылға дейін отырды. 1938 жылы атылған. Осы орайда тарихшы-ғалым Талас Омарбековты айта кетпеу мүмкін емес. Ол кісінің ойынша ештемені де дәлелдеу мүмкін емес.

Талас ОМАРБЕКОВ, тарихшы-ғалым:
«Бәрібір ештемені дәлелдеу мүмкін емес»
– Бауыржан Момышұлының Мағжанды көргені туралы естелігі бары рас. Бірақ бүкіл құжаттарда «Мағжан Жұмабаев 1938 жылы атылды» деп айтылады, солай қабылданған. Енді келіп «Олай емес екен, Мағжан атыл-мапты» деген өңгіме шығарудың не қажеті бар?! Бәрібір ештемені дәлелдеу мүмкін емес. Жалпы, репрессия туралы ашылмаған ақиқат, айтылмаған өңгіме қалған жоқ. Бәрі жазылды, айтылды. Мағжан ақталды, кітаптары шығып жатыр. Басқа не керек енді?! Сонымен, басқа – басқа, сіз қандай ойға тоқтадыңыз? Сіздің ше Мағжан қай жылы қайтқан? Бірден жауап бере алмайсыз...

«Бір күні, – дейді Өбекен, – Мағжанның тіпті жүруге шамасы келмей, еңбектеп қалды». Қасына барып хал сұраған екен: «Аяқтарың ісініп кетіп, баса алмай тұрмын, еңбектемеке лаж жоқ» деп, сол еңбектен күйі қара жұмысын істей беріпті. Қалай ауырмасын, өзі ол жердің қысы адам тезісіз, 50-60 градус суық, одан мұзды судың түбінен құм алдырып, ол құмды елетіп, алтын іздетеді екен. Ал бөретін тамақтары күніне небары 400 грамм нан ғана. Ауырмай қайтсін? Сөйтіп жүргенде көп ұзамай Өбекен тәнертең далаға шыққанда сондағылардың аузынан «Мағжан умер» деген қаралы хабарды естіген. Жүгіре жеткенде, ең аяныштысы сол, оны «қазақтың сондай бір беткеустар тұлғасы-ау» деген ешкім жоқ, күректен алып, ары ысыра салған. Жалпы, лагерде кім өлсе де, олардың жансыз денесіне қарап, рәсімін жасауға ешкімнің құлқы да, мүмкіндігі де болмайтындықтан, жан-тәсілім өткендер сол құлаған жерінде қала береді екен. Кейін барып оларды жинап өкеліп, бір жерге топтап көме салады. Соны естігенде қалай жыламайын?! – дейді.

Мағжан атамызды көзімен көрген Бауыржан атамызды, Бауржан атамыздың Мағжанды көргенін растаған Зәмзәгүл Сейітқызының да, тіпті Мағжаман азал колониясында бірге болған Абдулла Абрахмановтың да сөзін Шериаздан Елеуенов «Оның бәрі – лақап өңгіме» деп жоққа шығарды. Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ, «Мағжан» аты монографиялық зерттеу үшін Мемлекеттік сыйлық алған әдебиетші-ғалым. Ол кісінің пікірінше жоғарыдағы деректер, «тірі» куәгерлер, айтылған деректердің барлығы да – лақап өңгіме.

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ:

«Оның бәрі – лақап өңгіме»

– 1995 жылы шыққан монографиямда мен Мағжанның қай жылы, қай күні атылғаны туралы 8-бөлімнің анықтама қағазын көрсеттім. Ал «Мағжан кейінгі жылдары да тірі болған» деген өңгімелердің бәрі өтірік. Ешкімнің ешқандай дерегі жоқ, бірінен бәрі естіген, «анау айтыпты», «мынау айтыпты» деген лақап өңгіме анышты. Бізде оның атылғаны туралы нақты құжат бар. Бауыржанның оны қай кезде көріп жүргенін мен білмеймін. Мағжан 1938 жылы атылған. Осы орайда тарихшы-ғалым Талас Омарбековты айта кетпеу мүмкін емес. Ол кісінің ойынша ештемені де дәлелдеу мүмкін емес.

ТҮЙІН

Мағжан Жұмабаев 1938 жылы қаза тапты. Біз әдебиетті, әдебиетті болғанды да қазақ әдебиетін осылай оқып көлеміз. Себебі ұстаздарымыз бізге осылай үйретті. Ұстаздарымызға да осылай үйреткен болар, сіра. Ал біз ше? Өзіміз «өтірік» оқығанымызбен қоймай, ертең кейінгі ұрпаққа «өтірік» әдебиетті оқытамыз. Менің мамандығым мұғалім. Мектеп табалдырғын енді ғана аттаған бүлдіршіндерім біздерден өріп үйреніп, ана тілдерімен танысады. Ана тілі басталған сәттен-ақ кейінгі әдебиет өкілдері осы Мағжандармен танысады. Сонда оларға да «өтірік» айтамыз ба? «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген де сөз бар. Мен бір ғана қазақ зиялысының өмірін қозғап, қазаладым. Тек бір ғана Алаш зиялысының өмірінде қаншама былық, қаншама өтірік. Ал басқа да қазақ зиялылары не істейміз? Әлде тарихшы-ғалым Талас Омарбеков сияқты «Бәрі-бір ештемені дәлелдей алмаймыз», деп жабулы қазанды жабулы күйінде қалдырамыз ба? Сіз не дейсіз?

Нұрбол ҚАБИ.



АДАЛ ЕНБЕК - АРДЫҢ ІСІ

Тәуелсіз Қазақстанда рухы азат, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіп келе жатқаны бізді, аға ұрпақты, қатты қуантады. Ондай жастар ауданымызда да аз емес. Оларға отаныңыз, жасамаңыз, батыл, ізденімпаз, білімге құштарлық тән. Қай-қайсысы болсын еліміздің болашағы жарқын боларына үлкен сеніммен қарап, өз тағдырларын туган жерімен, атамекенімен байланыстырады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз, жалқау, енжар, масыл болмауы үшін аға буын өкілдері еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды өздері үлгі көрсету арқылы өзірлеп, осылайша теріс әрекеттерден арылту міндетін қойды. Жасыратыны жоқ, араныңда жасаған титтей жақсылығына мақтау-мадақ естісізі келіп, марапат, сый-сияпат дәмететін адамдар кездеспей қалмайды. Қанымызға сіңген осындай жаман әдеттерге тосқауыл қоюдың бірден-бір жолы – жастардың бойларына отанышылдық, адамгершілік, білімпаздық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттерді ұялата біту. Отан мен отбасы бір-бірінен бөлін-жаруға келмейтін егіз ұғымдар болса, бұлардың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі айрықша. Асыл азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылсын десек, ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласы арқылы қалыптасатыны ешқандай күмән тудырмайды. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстымыз мызғамыз ұштағаны деуге де келеді.

Бабаларымыз «қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп текке айтыпаған. Халқымыз ежелден үлкендерге құрмет көрсеткен, «қарттармы – асыл қазынам» деп қадірлеген, ардақтап, сыйлаған. Аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Мәдениет үйінде өткен «Мен еңбегімен мақтанамын» атты іс-шара Ұлттық құрылтайдағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөздерінен тундайтын сегіз қағидатпен байланыстырылып, өмірлік тәжірибесін мол, көрген-түйгенін көп, еліне абыройлы, адал қызмет еткен данағой абыздар, көп балалы отбасылар торге шығарылып, ұлықталды. «Жақсының жақсылығын айт, нуры тасысын» демекші, адал еңбектерімен, маңдай терлерімен ел ырысын еселеген абыл жандарды үлгі ету – бүрнанның қалыптасқан дәстүріміз. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытта бурып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат дін ағымдардың қурығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі. Сондықтан жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтандыруға беріміз де міндеттіміз.

Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамдағы тағы бір келенсіз және өзекті мәселе болып тұр. Кей ата-аналардың бала тәрбиесімен айналы-спайтынын, барлық жауапкершілікті мектеп пен мұғалімдерге жүктеп салатынын байқап та жүрміз. Отбасылық, ошақ қасылық бақалаудан кеткен жеткіншектің барлық жері, басар тауы – көше, кезбе-лер ортасы болғандықтан, жағымсыз әрекеттерге бейім тұратыны, ауырдың үсті, жеңілдің асты өлетіне салынатыны, масылдыққа бой алдыратыны белгілі. Осы себепті жиянда отанышылдық – шынайы патриоттық сезім екені, еңбектің жақсы-жаманы болайтыны, кез

келген қосыппен шындап айналы-са, нәсібін табатынын басты мақсат етіліп, жасамапз еңбек аламының мөртебесі барынша көтермеленді. Ортаға алдымен тоқсаннан асқан Зейнолла Олжабайұлы шақырылып, өзіне жүктелген міндетті орындау жолында барын салып, еңбек еткен нағыз еңбек торысы, жампоз білікті маман екені паш етілді. Олжекен соғыс жылдарында буыны қатпай ұжымшар жұмысына араласқан. Мектептен кейін Мәскеу ветеринарлық академиясына түсіп, ғалым-зоотехник мамандығын алып шыққан. Барлық еңбек жолы Мағжан Жұмабаев ауданымен ғана байланыс-ты, зоотехник, бас зоотехник, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. Зейнеткерлікке шықса да, қоғамдық істерге белсене араласты. Аты аңызға айналған бабасы Батыр Баянның омирбаянын іздеп тертеп, екі жинақ шығарды. Ол хакім Абай аманат еткен бес асыл парыздың бірі – адал еңбек етуді өмірлік мұрат тұтқан. Барша игіліктің негізі, бастаушысы – еңбек деп санаған адам. Абай өсетімен рухтанып өскендердің бірі – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтай білген қопбалалы ана, жастардың, келіндердің тәрбиесісі өрі ақылғой Ракым Қыдырмына жайлы ерекше тәбірінен айтқым келеді. Ол 1936 жылы Омбы облысы, Есіккол ауданы, Шарбақты ауы-лында дүниеге келген. Еңбек жолын егіншілік бригадирлігінен бастаған. Жалпы жұмыс отілі ширек тасырма жұмыс. 11 нәрсені дүниеге әкелген. Бұдан бөлек, күйеуінің туыстарының үш баласын бауы-рына басқан. Бүгінде 25 немере, 7 шөберенің қызғын көріп отыр.

Өз ісінің шебері, жергілікті тарихи-өлкетану саласына зор еңбек сіңірген Неля Гончар тың игеру кезінде өке-шешесімен Молодогвардейское елді мекеніне табан тиген, темір жол салу құрылысына қатысқан. Ауыл шаруашылығы өндірісінің бухгалтері, мектеп-те оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, саяси ағарту кабинетінің, үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі, аудандық газеттің редакторы болды. Жаңа нарықтық қатынастар жағдайында ол алғашқылардың қатарында басылманың форматын өзгертен.

«Алтын алқа» иегері Шадман Зөкүрова Түрікменстанда туып, 1970 жылы Құдай қосқан қосағы Өтемураптан отбасын құрған. Шаттығы шалқын шаңырақта 13 немере мен 3 шөберенің күміс күлкісі сыңғырлайды. Еңбек ардагері Қайыркелді Сейітқалиев 1981 жылы социалистік жарыста облыстың комсомол жастары бригадалары арасында көш бастап, «Москвич» автоқолігін сыйға алған. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі» тереңт-дәрігер Көгершін Қанышева да – адал еңбектің адамы, қандай құрметке де лайық.

Ардагерлер кеңесі мамандығына сай жұмысқа орналса алмай жүрген жастар жайына зор көңіл бөліп отырғанын айта кеткен жөн. Аудан әкімдігі тарапынан қолға алынпн жатқан қанатқақты жобаларға қолдау көрсетеміз. Оң екі мүшесі сау азаматтар толыққанды жұмыс істеудің орнына өзілінің жалақысына, болмаса өке-шешесінің зейнетақысына қарап отырса, ең қызықарлық жағдай осы! Ондай қандарды мемлекет асырайды деген ниғалдан аралтып, ерекше қабілет-қарыммен, қажырлы еңбегімен өзгерлердің өмірінде терең із қалдырған ардақтыларымыз туралы жүйелі түрде өңгімелеудің еш әбестігі жоқ. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанамы және өмір ұстанымдары өзгеруге тиіс. Бір сөзбен айтсақ, ниғыл өзгермесе, ештеңе де өнбейді.

Оралдай САҒИЙДИКОВ,
облыстық құрметті азаматы,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМГЕ САЛЫҚ САЛУ

"БЖЗҚ" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын жүзеге асырылатын жерлеуге арналған біржолғы төлемге салық салу тәртібі туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Әлеуметтік кодексінің 242-бабының 3-тармағына сәйкес, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары есебінен республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 94 еселенген мөлшері шегінде, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан артық емес көлемдегі жерлеуге арналған біржолғы төлем беріледі. Бұл біржолғы төлемге жеке табыс салығы салынбайды.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы

жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын сомаға құраса, бұл қалдық жерлеуге арналған біржолғы төлеммен бірге қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

Бұл ретте "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 341-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен 94 еселенген АЕК мөлшеріндегі сома шегінде жерлеуге арналған төлем алынып тасталатындықтан, қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары қалдығының сомағына оны төлеу кезінде жеке табыс салығының 10 пайызы стандартты мөлшерлемесі бойынша салық салынады.

Зейнетақы активтерінің 2023 жылғы 1 шілдедегі инвестициялық портфельдері enpf.kz сайтында 2023 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша ҚР ҰБ және ИПБ зейнетақы активтерін басқару туралы есебі ұсынылды. Зейнетақы жинақтарын инвестициялау туралы толық есеп enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер - Инвестициялық қызмет" бөлімінде орналастырылған. Онда ақ сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) зейнетақы активтерін басқару туралы ақпарат беріліп отырады. 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемі шамамен 16 073,63 млрд теңге. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 16 064,93 млрд теңге. Ал ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтері 8,7 млрд теңге.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельді
2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ҚРҰБ зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттары келесідей: ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары – 47,93%, квазимемлекеттік компаниялардың облигациялары – 10,57%, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкілерінің облигациялары мен депозиттері – 5,42%, шет мемлекеттердің МБҚ – 4,31%, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары – 2,29%, қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигациялары – 0,10%.

Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлінісіндегі инвестициялық портфель 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мынадай көрініске ие: ұлттық валютадағы инвестициялар – 70,40%, АҚШ долларында – 29,55%, басқа валютада – зейнетақы активтері портфельінің 0,04%. Алынған кірістің құрылымын талдаудан бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі кірістер, оның ішінде орналастырылған салымдар мен "көрі РЕПО" операциялары бойынша және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер 618,62 млрд теңге, сыртқы басқарушылар активтері бойынша – 26,72 млрд теңге, өзге кірістер – 2,45 млрд теңге болды. Бұл ретте шетел валютасын қайта бағалау 59,30 млрд теңге мөлшерінде шығын әкелді.

Осылайша, зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельін құралдар, салалар және валюталар бойынша әртарапандыру есебінен 2023 жылғы маусымдағы жалпы табыс оң болды. Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан есептелген инвестициялық табыс мөлшері 2023 жылдың басынан бастап 588,49 млрд теңгеге жетті.

2023 жылдың басынан бастап 1 шілдедегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ ЕСЕБІН ҰСЫНАДЫ

зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция 5,30% мөлшерінде болған кезде 3,80% көрсетті.

Бұл ретте 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін зейнетақы активтерінің табыстылығы соңғы 12 айда (2022 жылғы шілдеден 2023 жылғы маусымға дейін) 7,93% болды.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтарының оң нақты (жинақталған инфляциядан асатын) кірістілігі орта және ұзақ мерзімді перспективада қамтамасыз етіледі.

ҚР ҰБ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы және инвестициялық қызметке шолу БЖЗҚ-ның ресми сайтында орналастырылған. Атап кететін жәйт, Қазақстанда зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік беру моделі жұмыс істейді. ҚР "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңының 5-бабына сәйкес мемлекет алушыларға зейнетақы төлемдеріне құқық алған сәттегі инфляция деңгейін өскере отырып, БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кепілдік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген жарналар мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

Инвестициялық портфельді басқарушылар

ИПБ басқаруындағы қаржының жалпы көлемі – 8,7 млрд теңге.

01.07.2023 ж. жағдай бойынша "Jusan Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 3,75 млрд теңге болды.

Компанияның ең маңызды салымдары: ҚР ҚМ МБҚ – 38,88%, Exchange Traded Funds (ETF) пайлары – 31,17%, ҚРҰБ ноттары – 12,07%, шет мемлекеттердің МБҚ – портфельдің 7,23%. Атап кетейік, портфельдің 57,82% теңгемен; 42,18% – АҚШ долларымен ұсынылған.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ, шетел валюталары бағамдарының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан жыл басынан бастап 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша есептелген инвестициялық кірістің мөлшері 233,28 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 6 айдағы кірістілігі – 5,39%.

"Jusan Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

01.07.2023ж. жағдай бойынша "Halyk Global Markets" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 2,43 млрд теңге.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар: "көрі РЕПО" (күнітзәбелік 90 күннен аспайтын) 35,62%; ҚР квазимемлекеттік

ұйымдарының облигациялары – 21,54%; шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары) – 16,24%; МҚҰ облигациялары – 11,28%, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мөртебесі бар бағалы қағаздар – 7,36%. Ұлттық валютадағы инвестициялар портфельдің 75,83%, АҚШ долларымен 24,17% құрады.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кірістің мөлшері – 223,81 млн теңге. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 6 айындағы кірістілігі – 8,40%.

"Halyk Global Markets" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында жарияланған.

"BCC Invest" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 1,37 млрд теңге.

Инвестициялардың негізгі бағыттарының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: ҚР мемлекеттік облигациялары – 35,99%; Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 24,23%; МҚҰ облигациялары – 6,74%; РЕПО – 6,58%; ҚР резидент-эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 6,01%; шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолжаттары – портфельдің 4%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 75,41%, АҚШ долларымен 24,59% инвестицияланды.

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 104,97 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 6 айындағы кірістілігі – 6,81%. Есептелген инвестициялық кірістің көп бөлігі "көрі РЕПО" операциялары бойынша сыйақыдан және бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түсті.

"BCC Invest" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтынан көре аласыздар.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері – 875,03 млн теңге.

Активтердің 58,55%-ы ҚР ҚМ МБҚ-на инвестицияланды; инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат 12,46%; Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған акциялар мен депозитарлық қолжаттар – 10,46%, квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары – 9,69%. Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 74,57%, АҚШ долларымен 25,43% инвестицияланды.

Инвестициялық қызмет және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2023 жылғы 1 шілдедегі

жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық табыс мөлшері 37,44 млн теңге болды. Зейнетақы активтерінің 2023 жылдың басынан бергі кірістілігі – 3,47%.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша "Halyk Finance" "Қазақстан Халық Банкі ЕУ" АҚ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері – 280,35 млн теңге.

Портфель құрылымындағы негізгі инвестициялар мынадай: "көрі РЕПО" (күнітзәбелік 90 күннен аспайтын) 61%, ҚР ҚМ МБҚ – 7,71%, ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары – 7,31%, МҚҰ – 6,28%, басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) – 4,84%. Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 4,55%.

Ұлттық валютадағы құралдарға портфельдің 87,21%, АҚШ долларында – 9,66%, евро валютасымен – 3,13% инвестицияланды. Инвестициялық қызметтің нәтижесінде 2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жыл басынан есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 13,70 млн теңгеге жетті. Зейнетақы активтерінің ағымдағы жылдың 6 айындағы кірістілігі – 7,67%.

"Halyk Finance" "Қазақстан Халық Банкі ЕУ" АҚ басқаруындағы қаржы құралдарының инвестициялық портфельінің эмитенттері көрсетілген егжей-тегжейлі құрылымы БЖЗҚ сайтында ұсынылған.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясына да рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ басқаруына аударған кезде мемлекет кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап салымшылар міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кепілдік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтарының 50% аспайтын бөлігін инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру мүмкіндігі бар. Бұл ретте ең төменгі жеткіліктілік шегі ескерілмейді және басқарушы компанияны таңдау құқығы салымшыға беріледі. Ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар оларды ИПБ басқаруына 100% көлемде бере алады.

ЕАЭО-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ КІМ БЕРЕДІ?

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жылғы 23 мамырдағы №163, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2023 жылғы 26 мамырдағы №304 бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасында 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру бойынша құзыретті органдармен Қазақстан Республикасының үкіметтің органдарының өзара іс - қимыл рөттемесіне - (бұдан әрі – Рөттеме) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Рөттеме Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 04.03.2021 ж. № 62, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 28.04.2021 ж. №249 бұйрығымен бекітіліп, 26.05.2023 ж. күшіне енген.

Рөттемеге енгізілген өзгерістер мен

толықтыруларға сәйкес:

1) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің еңбек өтілін растау жөніндегі Қазақстан Республикасындағы құзыретті органдар - "БЖЗҚ" АҚ, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау комитеті және олардың аумақтық бөлімшелері;

2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органдарымен Қазақстан Республикасының аумағында еңбек өтілі туралы "Сураныс" деректемесі төмендегі кезеңде түскен кезде: - 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының құзыретті органы сураныс жолдан отырған мүше мемлекеттің құзыретті органы ақпараттық жүйедегі міндетті зейнетақы жарналарын төлеу туралы деректер негізінде "Жұмыс өтілі туралы" деректемені қоса тіркей отырып, жауап жібереді;

- 1992 жылғы 13 наурыздан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасының құзыретті органы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне белгіленген мерзімдерде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорының) немесе мұрағат мекемелерінен қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету жөнінде іс-шаралар жүргізеді. Оларды алғаннан кейін "Жұмыс өтілі туралы" деректемені толтыру арқылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

Естеріңізге сала кетейік, Еуразиялық экономикалық одақта мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Келісім (бұдан әрі – Келісім) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді және еңбекшілер мен оның отбасы мүшелеріне қатысты қолданылады.

Келісім ережелеріне сәйкес:

- еңбекшілердің зейнетақы құқықтарын қалыптастыру жұмысқа орналастырушы мемлекет азаматтарының зейнетақы құқықтарын қалыптастыру шарттары мен тәртібі сияқты жағдайда зейнетақы жарналары есебінен жүзеге асырылады (3-бап);

- Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналарына БЖЗҚ-ға аударылған зейнетақы жарналары жағдайы (1-бап);

- еңбекшілерге (отбасы мүшелеріне) зейнетақы тағайындау және төлеу құқығын іске асыру жұмысқа орналасқан мемлекеттің азаматтары үшін қолданылатын шарттарда жүзеге асырылады (3-бап);

- Келісім шеңберінде тағайындалатын зейнетақы түрлері Келісімнің 2-бабында айқындалған.



Дүйсенбі, 7 тамыз	Сейсенбі, 8 тамыз	Сәрсенбі, 9 тамыз	Бейсенбі, 10 тамыз	Жұма, 11 тамыз	Сенбі, 12 тамыз	Жексенбі, 13 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ӨМІР КӨРКЕМ. 07.00 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.35 Д.Ф. 08.15 М.Ф. 09.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 13.00, 20.00, 00.30 АҚРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА-2». 13.10, 02.50 АУЫЛДАСТАР. 13.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.40 КҮМІС КӨМЕЙ. 15.40 Д.Ф. 16.15, 02.05 Т/Х «АНАШЫМ, МЕНІ ҚАЛДЫРМА». 17.15 М.Ф «ДЖУНГЛИ КИТАБЫ». 20.35 Т/Х «АҚЖАУЫН-2». 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.05 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ӨМІР КӨРКЕМ. 07.00, 10.00, 13.00, 20.00, 00.30 АҚРАТ. 07.35 Д.Ф. 08.15, 17.15 М.Ф «ДЖУНГЛИ КИТАБЫ». 09.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «АҚЖАУЫН-2». 14.10, 03.20 АУЫЛДАСТАР. 14.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40, 02.50 ӘЙЕЛ-ӘЛЕМИ. 16.15, 02.05 Т/Х «АНАШЫМ, МЕНІ ҚАЛДЫРМА». 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.05 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ӨМІР КӨРКЕМ. 07.00, 10.00, 13.00, 20.00, 00.30 АҚРАТ. 07.35 Д.Ф. 08.15, 17.15 М.Ф «ДЖУНГЛИ КИТАБЫ». 09.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «АҚЖАУЫН-2». 14.15, 02.50 АУЫЛДАСТАР. 14.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.40, 03.25 ТІРШЛІК. 16.15, 02.05 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.05 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ӨМІР КӨРКЕМ. 07.00, 10.00, 13.00, 20.00, 00.35 АҚРАТ. 07.35, 02.30 Д.Ф. 08.15 М.Ф «ДЖУНГЛИ КИТАБЫ». 09.00, 15.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.40 АВАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «АҚЖАУЫН-2». 14.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.45 «ҚУНАНБАЙ», Х.Ф. 17.40, 02.10 ТАЛАШТЫҢ МІНШІ ТҮЛПАРЫН. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 01.10 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 06.35 АҚРАТ. 07.10 ЗИЙНАР. 07.55 ШАҢЫРАК. 08.40, 23.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 13.10, 20.35 Т/Х «АҚЖАУЫН-2». 14.10 АУЫЛДАСТАР. 14.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.45 ӨЗЕКТІ. 16.15, 03.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛІМІ». 17.15 М.Ф. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 00.35 Д.Ф. 02.25 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 06.35 АҚРАТ. 07.10 ЗИЙНАР. 07.55 ШАҢЫРАК. 08.15 М.Ф «ДЖУНГЛИ КИТАБЫ». 09.00, 21.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.45 Т/Х «АХМЕТ. ҰЛТ УСТАЗЫ». 16.55 БІРЕГЕЙ. 17.35 ӨЗЕКТІ. 20.00 «АРЫСТАН ПАТША», АНИМ.Ф. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 Т/Х «АҚЖАУЫН-2».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 06.55 АУЫЛДАСТАР. 07.30 Д.Ф. 08.20 АҚСАҒҰТ. 08.45 ТҮЛҒА. 09.15, 21.10 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00 М.Ф. 13.45 Т/Х «АХМЕТ. ҰЛТ УСТАЗЫ». 16.55 ӨЗЕКТІ. 20.00 «ДАРА». 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 Т/Х «АҚЖАУЫН-2».

Дүйсенбі, 7 тамыз	Сейсенбі, 8 тамыз	Сәрсенбі, 9 тамыз	Бейсенбі, 10 тамыз	Жұма, 11 тамыз	Сенбі, 12 тамыз	Жексенбі, 13 тамыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Т/Х «ШАЙҚАЛҒАН ШАҢЫРАҚ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 БАҚЫТТЫҢ КІЛТИ ЕҢБЕКТЕ. 10.30 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «МЕЛЕК-2». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 МЕГАХИТ. «ГОРОД БАНД». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ». 23.00 Т/Х «БЕГЛЯНКА-2». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАЙҚАЛҒАН ШАҢЫРАҚ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «МЕЛЕК-2». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 Т/С «БЕГЛЯНКА-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ». 23.00 Т/С «ВКУС СЧАСТЬЯ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАЙҚАЛҒАН ШАҢЫРАҚ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М.Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «МЕЛЕК-2». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 Т/С «ВКУС СЧАСТЬЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮНИЯЛАРЫ». 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАЙҚАЛҒАН ШАҢЫРАҚ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 Д.Ф. 10.35 ӨРЕКЕТ. 11.00 АЛҒАШҚЫ. 12.00 Т/Х «МЕЛЕК-2». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00, 23.00 Т/С «ВКУС СЧАСТЬЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮНИЯЛАРЫ». 21.45 Т/Х «СОҒҒЫ ҮМІТ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ШАЙҚАЛҒАН ШАҢЫРАҚ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.00 JUR-JUBUMEN. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮНИЯЛАРЫ». 14.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-3». 15.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 16.00 Т/С «ВКУС СЧАСТЬЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 21.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 22.45 «ВАЛЬДО», Х.Ф. 00.45 ТОРПЕТИЗ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ». 07.00 КАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕГАХИТ. «ВАЛЬДО». 12.00 М.Ф. 13.20 М.Ф «БАРБОСКИНЫ». 13.30 STARTUP KZ. 14.00 ДУДЛҮДЛЕР ДУБЫР. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 АЛҒАШҚЫ. 17.00 Т/Х «ШЫМКЕНТ-МЕНІҢ МАХАББАТЫМ!». 18.00 COVERSHOW. 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮНИЯЛАРЫ». 22.30 Т/С «ЖМОТ». 00.30 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ. 07.00 КІМ МЫҚТЫ? 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 КӨСПІҚОЙ БОКС. 12.00 М.Ф. 13.20 М.Ф «БАРБОСКИНЫ». 13.30 БАЛАҚАЙ. 14.15 «ӨРЕКЕТ». 14.45 COVER SHOW. 16.30 Т/Х «ШАШУ». 17.30 Т/Х «ШЫМКЕНТ-МЕНІҢ МАХАББАТЫМ!». 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮНИЯЛАРЫ». 22.30 «JUR-JUBUMEN». 00.00 МЕГАХИТ. «ГРАБИТЕЛЬ БАНКОВ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 7 тамыз	Сейсенбі, 8 тамыз	Сәрсенбі, 9 тамыз	Бейсенбі, 10 тамыз	Жұма, 11 тамыз	Сенбі, 12 тамыз	Жексенбі, 13 тамыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТАМАША СІҮ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «ТЫ ТОЛЬКО МОЙ», Х.Ф. 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «БЕЗ ПРИКРЯТИЯ». 00.10 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА». 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША СІҮ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «КАЗАНОВА». 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ». 00.10 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА». 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША СІҮ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «КАЗАНОВА». 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ». 00.10 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА». 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША СІҮ. 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «КАЗАНОВА». 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИЦЕМЕРЫ». 00.10 Т/С «ЛИЧНАЯ ЖИЗНЬ СЛЕДОВАТЕЛЯ САВЕЛЬЕВА». 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТАМАША СІҮ. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 НА САМОМ ДЕЛЕ. 12.00 Т/С «КАЗАНОВА». 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ОБМАНИ СЕБЯ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 03.25 «П@УТИНА». 09.00 «ОБМАНИ СЕБЯ», Х.Ф. 13.00 ПОЛЕ ЧУДЕС. 14.50 QOSLIKE. 19.00 «КОРОЛЕВА», Х.Ф. 20.45 «НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ», Х.Ф. 01.00 ПОЕМ НА КУХНЕ ВСЕЙ СТРАНОЙ. 02.30 Т/С «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА».	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 03.00 «П@УТИНА». 08.35 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.45 ПОЕХАЛИ! 09.40 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.40 «НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ», Х.Ф. 14.30 Т/С «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ». 19.00 «СОНАТА ДЛЯ ГОРНИЧНОЙ», Х.Ф. 21.00 «О ЧЕМ НЕ РАССКАЖЕТ РЕКА», Х.Ф. 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпесу
Қарадан хакім болған сендей қанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ - ОТАҢДЫ ҚОРҒАУ



Солтүстік Қазақстан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 27 шілде күні «Булаев орман шаруашылығы» КММ базасында «Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру орталығы» РМҚК және Солтүстік Қазақстан облысы орман шаруашылықтарының өкілдерімен бірлесіп тәлімбақ, орман тұқымы және орман мәдени қызметтері бойынша көшпелі семинар-кеңес өткізді.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі Суворов және Конохов орман шаруашылықтарындағы уақытша орман тәлімбақтарының жұмысымен таныстыру жүргізілді, ағаштарды өсіру, тұқым дайындау, уақытша тәлімбақтарды күту және суару, сондай-ақ қылқан жапырақты ағаштар ауруларының (қарапайым қарағай мен сібір шырша) алдын алу және емдеу мәселелері қаралды.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ өкімшілігі.

ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

ТЕМІР ЖОЛ - ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ АУМАҚ



Темір жол ұйымдары жұмысшылары арасында жазатайым оқиғаның алдын-алу, болдырмау мақсатында Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі бастығы полиция аға лейтенанты Ә.Әліппаев Булаев станциясында темір жол ұйымы жұмысшыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында жұмысшыларға темір жол тараптарында қауіпсіздік ережелері, темір жол жолдарынан өту кезіндегі қауіпсіздік талаптары, жылжымалы құрамның соқтығысуын болдырмау және темір жол станциясының аумағында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік талаптары туралы еске салып өтті. Сондай-ақ, көлік сақшысы Булаев станциясында темір жол станциясы аумағында темір жол бойымен өту, темір жол өткелдеріне тиісті белгілермен белгіленген арнайы жабдықталған жаяу жүргіншілер өткелдері, жаяу жүргіншілер көпірлері, туннельдер, палубалар арқылы ғана рұқсат етілетінін түсіндірді. Жұмысшылардың жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік белгілері талаптарын қатаң сақтаулары қажет екені жайында, көрінетін және дабыл белгілері, жылжымалы құрамның келе жатқаны жайлы хабарландыру дабылдарына құлақ асып ережені қатаң сақтаулары жайында айтты. Көрінуді қиындататын бағыттамалық бекеттер орналасқан жерде темір жол бойымен жұмыс істеу кезде, ол бойынша қозғалатын жылжымалы құрамның екі жағынан өту орнына дейін болмауын алдын ала тексеру керек екені қатаң түсіндірілді.

Жұмысшыларымен өткен кездесу соңында Булаев ст. ЖІБ бастығы Ә.Әліппаев кездесуге қатысушыларға: «Темір жол - қауіптілігі жоғары аумақ. Жұмыс барысында барлық қауіпсіздік шараларын сақтауды ұмытпауларыңыз қажет», - деді.

Петропавл ст. ЖІБ.

КӨЛІК САҚШЫЛАРЫ ЕСКЕ САЛАДЫ

Соңғы кездері интернет-алаяқтық жағдайларының жиіленуіне байланысты Петропавл станциясындағы желілік полиция бөлімі қызмет атқаратын учаскесінде интернет-кеңістік саласындағы қылмыстарды анықтауға және жолын кесуіне бағытталған жедел профилактикалық шаралар ұдайы түрде өткізіліп тұрады.

Азаматтардың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында бүгін Петропавл станциясындағы ЖІБ криминалдық полиция бөлімшесі қызметкерлері әскери және қызметтік дайындық сабағында бөлім жеке құрамымен «Интернет - алаяқтық» тақырыбына дәріс оқып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

КПБ қызметкерлері бүгінгі күнгі Қазақстанда алаяқтардың көбейіп кеткендігі жайында, сонымен бірге олар өздерін банк қызметкері ретінде, не болмаса жылжымайтын мүлікті сатушы, сатып алушы ретінде таныстыратындары жайында айтты. Сонымен бірге көлік сақшылары алаяқтар адамдарды, әсіресе ересек жасы ұлғайған адамдарды алдап соғатыны жайында айтты. СМС-кодты және басқа да ақпараттарды ересек адамдар тез арада алдыны бере салады, алаяқтарға бұл табыс табудың ең

оңай жолы екені түсіндірілді. Сол себепті алдаудың құрбаны болмаудың алдын-алу үшін желілік полиция қызметкерлері тағы да бір рет ескерттеді:

Естеріңізде болсын, еске сақтаңыздар!

- Өзіңіздің жеке мәліметтеріңізді және банк карталарыңыздың деректерін ешкімге жібермеңіз, ақшаны белгісіз білмейтін адамдарға аудармаңыз, тауарға ақы төлеу және интернет қосымшаларында сатылатын тауар үшін ақша алу мақсатында сілтеме бойынша өтелеуіңізді қатаң ескертуіміз қажет.

- «Қажет болған жағдайда «Интернет-алаяқтық» тақырыбына түсіндірме жұмыстарын қызмет атқаратын учаскеде орналасқан барлық мекемелерде, оқу орындарында түсіндіруіміз қажет» - деді кездесу спңында полиция майоры Азамат Раев.

Петропавл ст. ЖІБ КПБ.

2023 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН АЗАМАТТАР ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН 11,5 МЫҢ ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ ӘКЕЛЕ АЛАДЫ

Бүгінгі таңда ҚР аумағына кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатыла отырып, 3442 электромобиль әкелінді. Яғни, 2023 жылдың соңына дейін осылай тағы 11558 электромобиль әкелуге мүмкіндік бар.

Бұған дейін Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 17 наурыздағы № 39 шешімімен 2022 және 2023 жылдары электромобильдерге бағсыз әкелу мүмкіндігі берілген болатын. ЕЭК шешіміне сәйкес 2023 жылы электромобильдерді жеңілдікпен әкелуге берілген рұқсат 15 мың электромобиль бірлігін құрайды.

Қазіргі уақытта Қырғыз Республикасының бастамасы бойынша Еуразиялық



экономикалық комиссия алаңында бағсыз әкелу мүмкіндігін 2025 жылға дейін ұзарту туралы мәселе қаралып жатқанын атап өту маңызды.

Алайда, жоғарыда аталған улес шеңберінде кедендік баж салығын төлеуден босатып, бірақ ҚҚС төлей отырып, электромобильді әкелудің басқа мүмкіндігі бар екенін ескеру маңызды. Бұл жағдайда Дүниежүзілік сауда ұйымының ставкалары бойынша тауарларға декларация тапсыру қажет.

СҚО-ДА ТАМЫЗ АҰЙЫНДА 34 ГРАДУСҚА ДЕЙІН ЫСТЫҚ БОЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында тамыз айындағы орташа ауа температурасы қалыпты шектерде – 17-18 градус жылы болады деп күтілуде.

«Қазгидромет» РМҚ филиалының мәліметінше, бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 25-30, кей жерлерде 34 градус ыстық болады. Одан кейін ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 17-22 градуска дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында термометр түнде қайтадан 12-ге дейін, күндіз 22-27 градуска дейін көтеріледі.

Екінші онкүндікте күндізгі ауа температурасының одан әрі 28-33 градуска дейін көтерілуі күтілуде. Содан кейін — түнде 9-14, күндіз — 17-22 градус.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының одан әрі төмендеуі түнде 4-9 градуска дейін, күндіз 12-17 градуска дейін күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында түнде 9-14, күндіз 17-22 градуска дейін жылы болады.

Айдағы жауын-шашын мөлшері нормадан жоғары, 42-52 мм болады деп күтілуде.

Ай ішінде өткінші жаңбыр, найзағай, секундына 15-20 метр жел, екінші онкүндіктің басында тұман күтіледі. Үшінші онкүндіктің ортасында бұршақ жаууы мүмкін.

Аманжол НҰРТАЗИН.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ» ЖҮМЫС ІСТЕЙДІ ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

«Мағжан жұлдызы» газетінің ұжымы аудан тұрғындарына газет беттерінде «Қауырт желі» айдары жұмыс істейтінін хабарлайды. Айдар жасаудың мақсаты: газет беттерінде сіздің мүдделеріңізді мүмкіндігінше толық көрсету. Сіз өз сұрақтарыңызды, ұсыныстарыңызды, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысы және басқа да өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді жолдай аласыз. Газет арқылы халық пен билік арасында байланыс орнатылады. Келіп түскен барлық сұрақтарға атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық

ұйымдардан құзыретті жауаптар берілетін болады. Редакция әрқайсыңыздың сұрақтарыңызға тиісті жауап алуына септігін тигізетін болады.

Сұрақтарды magzhan.zhuldizi@yandex.kz e-mail электрондық поштасына, 8-771-263-27-99 WhatsApp нөміріне немесе жазбаша түрде Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 ұй мекенжайы бойынша «Мағжан жұлдызы» газетінің редакциясына жолдауға болады.

Жазыңыздар, қоңырау шалыңыздар, сұраңыздар, Сіздердің мәселелеріңіз жауапсыз қалмайды.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Солтүстік Қазақстан облысы әділет департаментінің басшысы Тоғызбаев Айдос Мүсірәліұлы Булаев қаласы, Целинная көшесі, 8 ұй мекен жайы бойынша 2023 жылдың 10 тамызында сағат 15.00-де азаматтарды жеке қабылдайды. Байланыс телефоны: 8(7152) 33-37-32, ұялы тел. 8-707-195-52-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР!

Солтүстік Қазақстан облыстық телерадио хабарларын тарату Дирекциясы, 2023 жылғы 31 шілде - 4 тамызда аралығында Астана қ. уақыты бойынша сағат 9:00-дан 17:00-ге дейін Ұзынкөл РТС-те техникалық жұмыстар жүргізілетінін хабарлайды. Жұмыстар жүргізілген уақытта Цифрлық эфирлік телевизия мен радиохабар тарату тоқтатылады. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Анықтама телефондары: 8 (7152) 36-04-70.

<p>Директор - бас редактор Несін ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мәніші ісесі: «Газета «Естіс» ЖІБС</p>	<p>Республиканың менен жайы: 150880 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 ұй.</p> <p>Тел: 2-17-49. Басылым нөмірсі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет атасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Мағжан жұлдызы» газеті редакцияла теріні бестейді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ.к., Кошукон қ.к.-сі, 5 ұй). Тарапымы - 665</p>	<p>Газет аудан өкілшілігі, аудандық мемлекеттік ұнсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік қпараттық саясатты жүргізудегі ретін басқалым болып табылады</p>
--	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдағар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәнішіне айналмайды, ретсизияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады